МЕРЕЙ

Өнегелі қария

Тілеуберді САХАБА

Айналамызда еліне еңбегімен үлгі болған қариялар баршылық. Солардың бірі - Лебяжі ауданының Құрметті азаматы, Мерғалым ауылының тұрғыны Құсман Дүйсенов. Ұлағатты ақсақал биыл сексеннің сеңгіріне аяқ басты.

Құсман Дүйсенұлы 1938 жылы Лебяжі ауданына қарасты Жаңааул кеңшарында дүниеге келген. Орта мектепті тәмамдаған соң Семей зооветеринарлық институтында білім алып, зоотехник мамандығын меңгерді. Еңбек жолын 1958 жылы Жаңааул кешарында есепші болып бастап, кейін Майқарағай ауылының бөлімшесі Жабағылы елді мекеніне бас есепші болып ауысты. 1962 жылдан 1993 жылға дейін Майқарағайдың №2 бөлімшесінде бас есепші, зоотехник, бөлімше бастығы лауазымдарын атқарып, сол жылы зейнетке шықты. Құсман ата - жасынан еңбексүйгіш жан, өзіне берілген міндеттерді тиянақты атқаратын жауапкершілігі жоғары адам. Ол зейнетке шыққа да, қарап жатпай, жеке кәсіппен шұғылданды. 1998 жылы «Қайырбек и Б» деген шаруа қожалығын ашып, ауыл шаруашылығы кәсібімен айналысты. Мал өсіріп, қорасын төрт түлікке толтырды. 2012 жылы «Жұмыспен қамту - 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында 3 млн. теңге көлемінде несие алып, 100 бас ірі қара мал сатып алды. Жеке кәсіпкердің іскерлігі аудан әкімдігі тарапынан да жоғары баға алды. Сол кезде аудан әкімі болып тұрған Айзада Құрманованың тапсырмасы бойынша ауыл маңына қосымша мал бордақылау кешенін салып, іске қосты. Қазіргі күні ауылдың адамдарын жұмыспен қамтып отыр. Құсман ақсақалдың туған ауылына жасаған жақсылығы мен қамқорлығы ұшан-теңіз. Оны өзінің замандастары айтып отыр.

- 1990 жылдары Қорт ауылына мектеп салына бастады. Бірақ белгісіз бір жағдайлармен мектеп ғимаратының құрылысы тоқтап, жұмысы аяқталмай қалды. Ол кезде құрылыс материалдары өте тапшы болатын. Дегенмен сол тапшылыққа, қиындыққа қарамастан, оқу мекемесінің құрылысын өз мойнына алып, аяқталмай қалған жұмысты соңына дейін жеткізді. Мектеп ашылып, халық үлкен қуанышқа кенелді. Құсманның сол жақсылығын ауылдастары әлі күнге дейін ұмытқан емес, - дейді дейді кейіпкеріміздің замандасы Шерияздан Құлынбенов.

Қазіргі таңда сол мектепті Құсман атаның баласы Ержан басқарып отыр. Ол осыдан бірер жыл бұрын сол мектеп жанынан күрес үйірмесін ашып, оқушыларды спортқа баули бастаған. Нәтижесі де жақсы. Шәкірттері - Сәкен Арайлым, Әлия Тілеубай, Ғалым Қуанышбектер талай республикалық және халықаралық жарыстарда топ жарған. Одан кейінгі ұлдары Ерлан мен Бақытбек жеке кәсіппен шұғылданса, кенжесі Қайыргелдінің жеке тіс емханасы бар. Қыздары Гүлсара, Зулфия, Райгүл де әр салада жұмыс істейді.

Қазақта: «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз бар. Ал қазақ ұғымындағы жалғыз байлық - балалары мен немерлерінің қызығы мен қуанышын көру. Міне, Құсман ақсақал да - ұрпағының терең тамыр жайғанына куә болған ең бай адам. Мерейжасыңыз құтты болсын!

(861).

Құттықтаймыз!

Сейітова Айша Сейсенқызын құттықтаймыз

Қымбатты анамыз, әжеміз, ұлы әжеміз, Ертіс ауданының тумасы СЕЙІТОВА Айша Сейсенқызын 90 жасқа толуымен құттықтаймыз.

Анамыз Айша мен әкеміз Танке екеуі 60 жылдай бірге ғұмыр кешіп, 7 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірді. Бұл күнде 8 баласынан 18 немере, 14 шөбере, 2 шөпшек қызықтап отыр. Мейірімді, сабырлы, еңбекқор бола білген анамыз бәріміздің ортамыздағы бәйтерекке айналды. Қымбатты Ана! Алланың назарында, бақыттың базарында шалқып тасып ортамызда жүре беріңіз! Сізге сарқылмайтын денсаулық, таусылмайтын бақыт тілейміз!

Өмірдің әр қырынан іздеп арай,
Бақыт құсы самғасын Сізге қарай.
Тоқсан жастың асуынан еркін асып,
Сәтті қадам басыңыз жүзге қарай!

Ақ тілекпен -
ұлдарыңыз, келіндеріңіз, қызыңыз бен күйеу балаңыз және немере, жиен, шөбере, шөпшектеріңіз!

(855).

Павлодар қаласының тұрғындары мен басшылығының назарына!

"Павлодарские тепловые сети" ЖШС «Алюминий Казахстан» АҚ ЖЭО-на қосылған жылу жүйелерін жөндеуге шығару алдында, 2018 жылғы 06-10 тамыз аралығында гидравликалық сынауларды өткізеді.

Осыған байланысты 2018 жылғы 06-10 тамыз аралығында Павлодар қаласының мына көшелер шегіндегі тұрғын үйлерде ыстық су болмайды:

Оңтүстік бөлігі: 29 Ноябрь-Естай-Абай-Кривенко-Суворов- Қамзин, 2 Павлодар, Восточный шағын ауданы, Зеленстрой кенті, Дачный шағын ауданы, Усолка шағын ауданы.

Қолайсыздық тудырған жағдайда кешірім сұраймыз.

Көрсетілген кезеңде белгіленген жылу жүйелері аумағында сақ болуды өтінеміз.

Ескертулер мен құқық бұзушылықтар болған жағдайда мына телефон нөміріне хабарласыңыздар: 57-07-51 («ПТС» ЖШС диспечер қызметі); 57-01-13 (эксплуатациялық аудан).

(20204).

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті 2018 жылғы 27 тамызда «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және жабдықтау қызметіне 2018-2022 жылдарға арналған тарифтің шекті деңгейі және тарифтік смета жобасын қарау жөнінде жария тыңдау өтетінін хабарлайды.

Осыған байланысты, Департамент Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихаттардың депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерін, тәуелсіз сарапшыларды, бұқаралық ақпарат құралдарын, табиғи монополиялар субъектілерін және өзге де мүдделі тұлғаларды ашық жария тыңдауға қатысуға шақырады.

2018 жылғы 27 тамызда сағат 12.00-де жария тыңдау мына мекенжайда өткізіледі: Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, 1-қабат, мәжіліс залы.

Анықтама телефоны: 8 (7182) 322-193, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті;

8 (7187) 298-121, «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС.

(20203).

Ас беріледі

Адамов Жаңбырбай Адамұлының жылына арналып 2018 жылдың тамыз айының 12-сі күні, сағат 12.00-де Ертіс ауылы (село) «Нұр» кафесінде құран бағышталып, ас беріледі.

(846).

Егер сіз жұмыс таба алмаған болсаңыз, жаңа ашылған жұмыс орнына лайықты еңбекақыға қызметкерлер қажет (тұрақты жұмысқа) Тел. 57-70-97, 87053860221, 87473704150.

(836)

Жеңіл автокөліктер сатып аламын.

Бағасы: 100 000 теңгеге дейін.

Тел.: 8-747-367-80-63

(783).

66-15-40 ЖАРНАМА
66-15-42

САРЫАРҚА САМАЛЫ

МЕНШІК ИЕСІ

«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Павлодар қаласы)

«Ертіс Медиа» ЖШС, «Сарыарқа самалы» облыстық газеті

Газет Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы 30.09.2014 ж. №14562-Г куәлігі берілген.

Газет 1979 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2014 жылы «Алтын жұлдыз» жалпыұлттық сыйлығымен марапатталды.

ЖШС директоры Асқар ШӨМШЕКОВ

Бас редактор Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ

Телефоны. 66-15-30

ЖШС-нің мекенжайы. Павлодар қаласы, Қ.Сұрағанов көшесі, 21-үй.

Редакцияның мекенжайы. 140000, Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Теле/факс 66-15-30

Газеттің электронды поштасы: **ssamaly29@gmail.com.**
Бас редактордың орынбасары 66-14-61.
Жауапты хатшы 65-12-74.
Әлеуметтік бөлім 66-14-63, 66-15-31, 66-15-32.
Экономика, саясат 66-14-64, 66-15-28, 66-14-65.
«Айналайын» 66-14-63.
«Жас times» - 66-15-32.

Жарнама бөлімі: s_samaly_reklama@mail.ru 66-15-42, 66-15-40.

Маркетинг және тарату бөлімі 66-15-41.

Фототілші, корректорлар - 65-12-74.

Газеттің нөмірі «Сарыарқа самалының» компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Газет аптасына үш рет шығады, апталық таралымы 14818 дана, бүгінгі көлемі 5 б.т.

«Дом печати» ЖШС баспаханасында басылды. ҚР Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Газеттің сапалы басылуына баспахана жауап береді. Телефоны: 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған уақыты 17.00.
Тапсырыс - 1616

Хаттар, қолжазбалар, фотографиялар мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Көлемі А4 (14 кегль) форматындағы 2 беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарды тегіс жариялауды және оларға жауап беруді міндетіне алмайды.

Жарнамалық материалдардың мазмұнына жарнама берушілер жауап береді.

Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан алынған фотосуреттер де пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция ұстанған көзқарасқа сәйкес келмеуі де мүмкін.

«Сарыарқа самалында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өндеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Баспа индексі 65441.